

## **«Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Сынып жетекшілігі туралы ереженің орындалуына есеп**

2021-2022 оқу жылында 1-11 «А», «Б» сыныптары жиынтығына сынып жетекшілері тағайындалған.

Семья М., Картовская Л.Н. - 1 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Картабаева Б.К., Азимова Г.Е. - 2 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Найманбаева А.А., Жақсыбаева Е.В.- 3 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Сиитова Ж., Булименко М.И. - 4 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Баймагамбетова Ж.А., Томкова Н.Э.- 5 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Байганат Р., Минуллина А.Ф. - 6 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Абишева Ф.Т., Омарбекова С.Б. -7 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Абишева Ф.Т., Томкова Н.Э. - 8 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Жумагалиева А.С., Науменко Т.И. - 9 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Оспанова С.К., Дюсебеков К.С. - 10 «А», «Б» сынып жетекшілері  
Махметова М.Б., Хасенова А.А.-11 «А», «Б» сынып жетекшілері

Сынып жетекшілерінің педагогикалық білімдері бар, жоғары оқу, арнаулы орта білім беру орындарын бітірген, тәжірибелі мамандар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығына сәйкес сынып жетекшілік ережесін орындайды.

**Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты** – білім алушының азаматтық өзіндік санасын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі іске

асыруын қалыптастыруы, оның тұлғалық өзін-өзі анықтауы, қоғамда табысты әлеуеттенуі мен бейімделуі үшін, білім алушылардың шығармашылығын дамыту, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау.

Жалпы орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және

шығармашылдық, ашықтық, өмір бойы білім алу болып табылады.

**Сынып жетекшісі қызметінің міндеттері:**

- 1) сынып активін қалыптастыру;
- 2) әр білім алушының тұлғасын дамыту, өзін-өзі таныту, оның әлеуеттік қабілеттерін ашу және қайталанбастығын сақтау үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- 3) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 4) сыныпта білім алушылармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру;
- 5) тұлғаның шығармашылық, рухани, табиғи мүмкіндіктерін дамыту;
- 6) салауатты өмір салтына ынталандыру;
- 7) оқушыларда адамгершілік-өнегелік және рухани қасиеттерді қалыптастыру, толеранттылыққа баулу;

8) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық

дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

9) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның

өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

10) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

11) оқушылардың бойында ұжымдық пен басқаларға жауапкершілік, және сезімдік,

достық тұрғысынан топта жұмыс істеуде қабілеттілігін қалыптастыру;

12) балаларға арналған қауіпсіз ортаны қалыптастыру.

Сынып жетекшілері сыныпқа арналған жыл сайын тәрбие ісі жоспарын құрып бекіттіріп, жоспар бойынша сынып сағаттарын дүйсенбі күні өткізіп отырды.

Сынып сағаттарының тақырыптары тәрбие беру ісінің 8 бағыты бойынша жүзеге асырылды.

**1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**2. Рухани-адамгершілік тәрбие**

**3. Ұлттық тәрбие**

**4. Отбасы тәрбиесі**

**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

**7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

1) Салауатты өмір салтына ынталандыру: Сынып жетекшілері оқушылардың спорт секцияларына баруын, спорттық іс-шараларда белсенділік танытуын қадағалайды. Денсаулық онкүндігінің аясында баскетбол, қыздар арасында волейболдан, отбасылық эстафеталарда сыныптың толық қатысуына жағдай жасады. Халықаралық, республикалық, облыстық спорт жетістіктерімен оның ішінде, Кір тасын көтеру спортынан 5 «Б» сынып оқушысы Богдасарова Э., сынып жетекшісі Томкова Н.Э. 9 «А» сынып оқушысы Серикбаев Даулет, сынып жетекшісі Жумагалиева А.С.

2) Азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын сүйуге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеуде 11 «А» сынып оқушысы Бигожина Л. Облыстық «Мен табиғатты аялаймын» байқауында жүлделі II орынды иеленді, сынып жетекшісі Махметова М.Б. «Кіші Отаным алғысым» тақырыбында

аудандық сайыста 6 «Б» сынып оқушысы Шахманова Д. жүлделі І орынды иеленді, сынып жетекшісі Минуллина А.Ф. Аудандық өткен «Эко бизнес» экологиялық жобалар байқауында жүлделі ІІІ орынды Тохтау О., Егимбаев Д., Негизов Д., Бигожина Л иеленді, сынып жетекшісі Махметова М.Б.

3) Отбасы ара-қатынасын нығайту, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу бағыты бойынша «Отбасылық таланттар» аудандық байқауында 5 «А» сынып оқушысы Нәзірханқызы Л. отбасы қатысып, жүлделі ІІ орынды иеленді. «Менің отбасымның құндылықтары» тақырыбында өткен іс-шарада 1-11 сынып оқушылары бейнероликтер жасады.

4) Сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру сынып жетекшілердің басты мақсаттарының бірі. 1-11 сыныптары аралығында сыныпта оқушылар арасында достық қарым- қатынас орнаған. Сынып жетекшілері оқушылардың туған күнін, мерекелерді сыныппен тойлауына жағдай жасап отырады.

5) Білім алушылардың өмір сүру жағдайларын әлеуметтік педагог, тәрбие ісі меңгерушілерімен оқу жылының басында үй - жайын тексереді. Қажет болған жағдайда жоспардан тыс тексеріс жүргізеді. Мектептің ішкі есебінде тұратын оқушылардың үй – жайын әр ай сайын тексеріледі. Мектептің ішкі есебінде тұрған 5 «А» сынып оқушылары Байбулова Зере, Нургожина Рамзия үйін тексеріп, акт толтырылды. Үй – жайын тексергенде оқушының өз бөлмесі, жеке заттарының болуы, сабақ орындайтын жері, оқушының өмір сүруіне жағдайдың жасалуы бақыланып отырды. Әлеуметтік қорғалмаған отбасында тәрбиеленетін 6 «Б» сынып оқушысы Зайыржанова Аделина үйіне азық-түлікпен көмек көрсетілді.

6) Сынып жетекшілердің ата-аналармен жұмыс жоспарына сай 4 рет ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамаларын жылдың соңында тапсырып отырды. Ата-аналар жиналыстарында сынып жетекшілері тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға арналған консультациялар беріп отырды.

7) Аптасына бір рет сынып сағаттарын әр дүйсенбі күні өткізіп отырды. Өткізілген сынып сағаттары туралы қысқаша есепті апта сайын мектептің әлеуметтік желілеріне жариялап отырды.

Оқушыларын қоғамдық іске белсене қатысуын жағдай жасап аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарды иеленуіне ықпал етті.

Ашық сабақтарды айтулы даталарға арнады. Олар: Білім күні, ұстаздар күні, Елбасы күні, Тәуелсіздік күні, Наурыз мерекесі, Жеңіс күні.

**Тәрбие ісі меңгерушісі: Найманбаева А.А.**